



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№13 (1839)
30 сәуір
2022 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Мемлекет басшысы ҚазҰУ ректорын қабылдады

Ораза айы мерекесі құтты болсын!



Құрметті Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
оқытушы-профессорлары,
білім алушы жастары!

Сіздерді қасиетті Ораза айт мерекесінің басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтауында: «Ораза айт әр мұсылманның жүрегіне имандылық нұрын себеді. Жұртты жақсылық жасауға, қанағатшыл, қайырымды және кешірімді болуға үндейді. Біз халқымыздың осындай бірегей қасиеттерінің арқасында бірлігімізді бекемдеп келеміз.

Исламның асыл құндылықтары жаңа Қазақстанның да руханиятын өркендетуге септігін тигізери сөзсіз», – деп, қайырлы мерекенің қадір-қасиетін ерекше атап өтті.

Бауырмалдылық пен кішіпейілділікке, кешірім мен сүйіспеншілікке толы ізгі мейрам ырыс-несібімен, бақ-берекесімен келсін.

Шаңырақтарыңызға қуаныш, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, ынтымақ-бірлігіміз арта берсін!

**Ізгі ниетпен
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы – Ректоры

Қасым-Жомарт Тоқаевқа оқу орнының бір жылда атқарған жұмыстары мен алдағы даму жоспары таныстырылды. Сондай-ақ ректор Мемлекет басшысына білім беру үдерісі, ғылыми-зерттеу жұмыстары және университеттің халықаралық жетістіктері туралы баяндады.

тары бойынша 650-ден астам ғылыми жобаны қолға алмақ. Ректор ғылыми жобалардың нәтижелерін экономиканың нақты секторына айналдыру 20-ға жуық спин-офф компанияларын құру арқылы жүзеге асырылатынын айтты.

Жансейіт Түймебаев жетекші оқу орнындағы ұзақ жылдардан бері қордаланған мәселелерге де тоқталып, оларды шешу жолдары туралы ұсынысын жеткізді. Атап айтқанда,

ескірген жатақханалар мен тозығы жеткен оқу корпустарының жай-күйі, 2 мыңнан астам оқытушы мен қызметкердің баспанаға мұқтаждығы жөнінде баяндады.

Кездесу соңында Президент білім сапасын түбегейлі жақсарту және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыру мәселелеріне назар аударып, университет басшысының ұсыныстарын қолдады.

Кездесу барысында Жансейіт Түймебаев Президентке ғылыми жобалардың тиімділігі мен кадрлардың әлеуетін арттыру және оқу ордасының 90 жылдығы қарсаңында ҚазҰУ

қалашығын қайта жаңғырту жөніндегі ұсынысын жеткізді. Оның айтуынша, 2024 жылға қарай университет еліміздің ғылыми-техникалық дамуының перспективті деген бағыт-


Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докторанттары!

Ел бірлігі бекем болсын!

Сіздерді 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңаша дамуға бет алған бүгінгі Қазақстан халқы өркендеу мен бейбітшілікке мызғымас бірліктің арқасында жетті. Ынтымақ пен татулықты, достық пен сыйластықты ту еткен ел ғана мықты мемлекет бола алатынын тарихтың өзі дәлелдеді. Сондықтан біздің барлық жетістіктеріміз бен жеңістеріміздің мызғымас тұғыры – татулық пен тұтастық.

Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті 31-ші сессиясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазір геосаяси ахуал ұшығып тұр. Жаңа сын-қатерлер пайда болуда. Мұндай жағдайда еліміздің азаматтық бірегейлігін нығайтып, отаншылдық рухын көтеруге баса мән беруіміз керек. «Бірлігіміз – әралуандыққа» деген басты қағидатымыз ешқашан өзгермейді. Біз жас ұрпақты нағыз отаншыл азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Олардың бойына татулық пен келісім, төзімділік, толе-



ранттылық пен мәдени ықпалдастық құндылықтарын сіңіру айрықша маңызды», – деп атап өтті.

Мәдениетаралық диалог пен толеранттық көзқарастың ілгерілеуіне ҚазҰУ ұжымы да өзіндік үлес қосып келеді. Бүгінгі таңда оқу ордасындағы оқытушы-профессорлар құрамында 200-ден астам өзге ұлт өкілдері қызмет етеді. Университетімізде әлемнің 50 елінен келген 2000-нан астам ұлты өзге студенттер білім алады. «Бірлігі бекем елдің болашағы жарқын» деген ұстанымға сүйенген халқымыз әр ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына біріктіріп, бір мақсатта, бір тудың астында

бейбіт өмір сүруде. Осынау ақиқатты қалтқысыз ұғыну қастерлі Отанымыз – Қазақ елінде ұдайы бейбітшілік пен берекенің салтанат құруына септігін тигізеді.

Бүгінгі қоғамда бастау алып жатқан жүйелі жаңғыру үрдістері бірлігіміздің нығая түсуіне ықпал етіп, жаңа белестерді бағындыруымызға жол ашады деп сенемін.

Баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, әр шаңыраққа шаттық пен бақ-берекетілеймін! Ел бірлігі бекем болсын!

**Ізгі ниетпен
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**

Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Басқарма
Төрағасы – Ректоры



ҚазҰУ қалашығын жаңғыртудың II кезеңі басталады

2 >>



Сәт ТОҚПАҚБАЕВ:
Мен үшін білімнің бастауы ҚазҰУ болды

4 >>



Нурлан ЕРМЕКБАЕВ:
Характер Военной опасности стал гибридным

5 >>

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев университеттегі оқытушы-профессорлар қауымымен, жас ғалымдар, докторанттармен кездесіп, оқу орнының алдағы жоспарларынан хабардар етті, олардың көкейінде жүрген көптеген сұрақтарына жауап берді.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қабылдауына барғанымда бірқатар қордаланған мәселелерді көтере отырып, көмек сұрадым. Президент өз сөзінде білім сапасын түбегейлі жақсарту және ғылымның еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін арттыруды баса айтты.

жаңа дәуірі қарсаңында тұрмыз. Бұл біздің университет үшін тарихи сәт. Қайта жүктеу және толығымен зерттеу университетіне айналу үшін үлкен жұмыстар атқаруымыз керек. Бұл біздің альма-матеріміз әлемдегі ең мық-

ҚазҰУ қалашығын жаңғыртудың II кезеңі басталады

рілетін сыйақының көлемі 200 млн теңге болады деп жоспарланып отыр.

Сондай-ақ ректор оқу орнының 90 жылдығына орай, ҚазҰУ қалашығын жаңғыртудың II кезеңіне жоспарланған жобалармен таныстырды. Қазіргі уақытта университеттің 2000-ға жуық оқытушысы мен қызметкерлері тұрғын үйге мұқтаж. Бұл жағдай кадрлық әлеуетті және жалпы білім беру сапасын арттыруға әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Кадрларды ұстау, сондай-ақ жас талантты мамандарды тарту және қолдау үшін қызметтік тұрғын үй салу да жоспарда тұр.

Қазір ҚазҰУ-ды еліміздегі іргелі, көшбасшы оқу орны ретінде әлем таниды. Мұнда 107 шетелдік ғалым дәріс оқиды, сондай-ақ мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатысуымен жүйелі түрде көшбасшылық дәрістер ұйымдастырылады. Оған еліміздегі мемлекет қайраткерлерінен басқа, шетелдік саясаткерлер, әлемдік деңгейдегі ғалымдар келеді. Мысалы, Түркияның 11-ші президенті Абдулла Гүл арнайы келіп, студенттермен мемлекеттік қызметтегі тәжірибесімен бөлісті. Еуропалық Парламент делегациясы арнайы сапармен келді. Университет шетелдермен де тығыз ынтымақтастық орнатқан.

– Біз ҚазҰУ-ды жаңғыртудың



ты университеттермен бәсекелесуге тиіс дамудың жаңа деңгейі болады. ҚазҰУ базасында Мәскеу инженерлік-физика институтының филиалын ашу жөнінде келісім жасалды. ҚазҰУ филиалын Түркия мен Қырғызстанда ашу жұмыстары аяқталып келеді. 10 мамырда Ыстамбұлда, 29 мамырда Бішкекте өтетін салтанатты рәсімге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев арнайы барып қатысады. Сіздерге айтар маңызды жаңалығым, 1 маусым күні Президент ҚазҰУ қалашығына ресми сапармен келіп, университет қызметімен танысады. Бұл күнде бола бермейтін айшықты оқиға. Мемлекет басшысын лайықты күтіп алуға қазірден дайындық жұмыстарын бастауымыз керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қабылдауына барғанымда бірқатар қордаланған мәселелерді көтере отырып, көмек сұрадым. Президент өз сөзінде білім сапасын түбегейлі жақсарту және ғылымның еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін арттыруды баса айтты. Сонымен қатар бүгінгі қоғамда адами құндылықтардың негізгі қағидалары салтанат құру үшін университеттегі ұжымдық иммунитет пен гуманистік тәрбие қалыптастыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді. Сондықтан бізді алдымызда ауқымды жұмыстар, жарқын мақсаттар күтіп тұр. Жоғары оқу орнына қойылған нақты мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін бірлесе жұмыс істеуіміз және оларды орындау үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз қажет, – деп, Жансейіт Түймебаев жақын арада атқарылатын ауқымды жұмыстар мен бағыттарды атап өтті.

Университет басшысы өз сөзін қорытындылай келе, күшіміздің бірлікте екенін айтып, бір шаңырақтың астында бірлесіп, жұмыла жұмыс істеуге шақырды. «Сіздердің университет игілігі үшін ынтымақтастыққа, ауызбіршілікке табысты әрекет ететіндеріңізге сенемін», – деді.

Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ

ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР ҚҰРАМЫ: 2021 ЕҢБЕКАҚЫ КӨЛЕМІНІҢ ӨСУІ



Түрлі сауалға тұшымды жауап айтылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев пен оқу орнының әр салаға жауапты проректорлары оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлерді мазалаған түрлі сұрақтарға жауап берді.

Аманжол ҚАЛЫШ,
Археология, этнология және мұражайтану кафедрасының доценті:



– Құрметті ректор Жансейіт Қансейітұлы! ҚазҰУ-да соңғы 15-20 жылдың көлемінде жаратылыстану бағытына көбірек көңіл бөлініп, гуманитарлық сала кенже қалып отыр. Мәселен, тарих факультетінде жеті кафедра болған-ды, бүгінде, өкінішке қарай, бір ғана кафедра қалды. Кафедра аз болғандықтан, түрлі-түрлі археологиялық, этнологиялық зерттеулерге ден қойылмай жатыр. Бұған қандай шара қолдануды жөн санайсыз?

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

– Құрметті Аманжол Боранбайұлы! Бұл мәселеге факультет ұстаздары, кафедра басшылары нақты ұсыныс бергені жөн. Ал өзімнің тарапымнан жақында тарих факультетінен Археология институтын құруға тапсырма бердім. Аталмыш институтты мамандық дайындау бойынша нығайтып, кеңейтіп, республикалық деңгейге көтеруіміз қажет. Бұған керекті қажеттіліктің бәрін қолға аламыз. Сонымен қатар, өздеріңізге белгілі болғандай, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми-зерттеу университетіне айналмақ. Үкіметтің арнайы тапсырмасы бойынша осындай белдегі не болып отырмыз. Соған орай, мамандықтарды жаңғырту – бүгінгі күннің басты мәселесі.

Нәбижан МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ,
тарих ғылымының докторы, шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасының профессоры:



– Университетіміздің ғылыми-зерттеу оқу ордасы болатыны қай-қайсымызды болсын қуанышқа бөледі. Десе де, ғылыми зерттеулерімізді, мақалаларымызды жариялайтын, ресми есепке алатын журналдарымыз аз болып тұр. Мысалы, шығыстану факультетінде «Хабаршы» ғылыми журналы бар. Ал сол жалғыз журналға магистрант,



докторант, ұстаздар ұжымы мақалаларын жариялауға тура келеді. Әрине, барлығын бірден топтастыру мүмкін емес. Сол себепті зерттеу мақалаларын жариялайтын журналдар санын көбейтуді ұсынар едім.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

– Өте дұрыс айтасыз. Расымен де, ғылыми зерттеу мақалаларын жариялайтын журналдарды көбейту керек. Қажетті деген данасын баспадан шығарып, қалған бөлігін электронды түрде тарату қажет. Журналдың белгілі бір бөлігін басшылық құрамына бергендеріңіз жөн. Еңбектеріңіздің жарыққа шығуымен қатар, шетелден келген әріптестерімізге таратылуы маңызды. Біз жасаған елеулі еңбектерімізді көрсете білуіміз де керек. Сондықтан мен бұл ұсынысыңызды қолдаймын.

Қанат МҰҚАШЕВ,
физика-техникалық факультетінің профессоры:



– Альма-матердің нақ ортасында орналасқан әл-Фараби мүсіні бабамыздың шын болмыс-бітімімен үйлесіп тұрған жоқ. Бұл ескерткішті әл-Фарабидің жан-жақты қырын ашатын басқа мүсінімен неге алмастырмасқа? Ал екінші сұрағым: оқу ошағымыздағы жетекші ғалымдарға қаниалықты назар аударылып жатыр?

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

– Әл-Фараби бабамыздың мүсініне қараған көп адамның көңілі көншімейтіні белгілі. Шынында, бұл мүсін ескерткіші өте күрделі өнердің санатына жатады. Осыған байланысты сәулетші Шот-Аман Уәлиханов: «Мүсін өнерінің жауапкершілігі жоғары, өйткені ол қала ортасында орналасқандықтан, жұрттың назары ылғи да соған түседі», – деген. Демек, орталықтағы көзге түсіп

тұратын осы іспетті ескерткішті көрген сайын ойымызға «мынау үйлеспейді екен-ау» деген ой оралатыны кәдік. Сол себепті осы ұсынысты алдағы уақытта қарастыратын боламыз.

Ал екінші мәселе бойынша, біз ғылыми-зерттеу университеті боламыз деп ұйғарғаннан соң, мына екі мәселеге ден қойғанымыз дұрыс. Біріншісі – ғалым мұғалімдер, ал екіншісі – тәжірибесі мол ұстаздар. Осы орайда, ізденімпаз, еңбекқор ғалымдарымызға арнап «доцент зерттеуші», «профессор зерттеуші» деген жаңа лауазымдар бекіттік. Олар әрі сабақ беріп, әрі ғылыми зерттеулерін жүргізе береді. Осылайша ғалымдарымыз университет дәрежесін көтере түспек.

Нұрлан ТЕМІРБЕКОВ,
физика-математика ғылымдарының докторы, профессор:



– Шетелдік әріптестеріміздің ішінде қазақстандық диссертациялық кеңестерде жұмысын қорғағысы келетіндер кездесіп жатады. Бірақ біздегі комитеттің талабы бойынша PhD диссертациясын тек Қазақстанда оқыған диссертанттар ғана қорғай алады деген шектеу бар екен. Осы мәселені министрлікке қояуға бола ма?

Хайдар ТАСЫБЕКОВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры:

– Оның мазмұнын жақсылап дайындап, жауапты орындарға жолдаймыз. Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне осы мәселе бойынша сауал тастаған болатынбыз. Әзірге біз шетелдік серіктес университеттермен бірге сол оқу орнында оқитын PhD докторларына диссертация қорғауға мүм-

кіндік беру мәселесін қарастырып жатырмыз.

Нұрлан ТЕМІРБЕКОВ,
физика-математика ғылымдарының докторы, профессор:

– Біз Түркияның Ыстамбұл университетінен Ашрали Аллаберен деген профессорды шақыру туралы ұсыныс беріп едік. Осы мәселе қарастырылса дейміз. Өйткені ол математика саласында рейтингі өте жоғары ғалым.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

– Түркиядағы Ашрали бейді кез келген уақытта шақыра аласыз. Қазіргі кезде бізде 107 шетелдік мұғалім сабақ беруде. Ол сала жолға қойылған, ешқандай проблема жоқ. Керісінше, бізге осындай атақты ғалым-профессорларды көбірек тарту қажет. Осыған дейін ең атақты Нагато және Канада есептерін шығарған Уалбай Өмірбаевты шақырдым. Ол Америкада сабақ береді. Қырғыз ғалымы Базбек Давлетов те қазір Кэмбридже дәріс оқиды. Ол да ҚазҰУ-ға келіп дәріс оқыды. Сондықтан біз мұндай бастамаларға тек қолдау білдіреміз. Мен декандар мен кафедра меңгерушілеріне осындай тапсырма бергенмін.

Балақыз ЕСҚАЛИЕВА,
химия факультетінің доценті:



– Химия факультетінің гимаратында бірінші қабаттан бастап, бесінші қабатқа дейін, 2019 жылдан бері желдеткіштің тартқышы жұмыс істемейді. Желдеткіш істемесе, лабораторияда зерттеу жүргізетін ғалымдар да, студенттер де ұланады. Сол уақыттан бері қаниа рет осы мәселе көтерілді. Факультет деканы да атсалысты. Бірақ әлі күнге қалтына келтірілген жоқ.

Хайдар ТАСЫБЕКОВ:

– Тартқыш мәселесі бір ғана желдеткішті ауыстырумен шектелмейді. Яғни бүкіл жүйені алмастыру қажет. Ол қаражат мәселесіне келіп тіреледі. Осы жайында қауіпсіздікке жауапты Алиев мырзамен жұмыс істедік.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

– Қаржы жөніндегі проректор Калилла Абдуллаев мырзаға осы мәселені тездетіп, жуық арада шешуді тапсырамын.

Еркінгүл СОЛТАНАЕВА,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының координаторы:



– Бізде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы 2017 жылғы рубрикаларда педагогикалық мамандық ретінде еніп кеткен. Шын мәнінде оның ғылыми-педагогикалық мамандық екенін дәлелдейтін аргументтер бар. Сол себепті бұл мамандықты жауыт тастауға болмайды. Себебі ол – 1937 жылы ашылған тарихы терең мамандық әрі филология факультетінің бренді. Оны факультеттің ғалым-оқытушылары қазіргі заманға лайықтап, нарықтық сұранысқа икемдеп жасаса, классификаторға ғылыми-педагогикалық бағыт ретінде қосуға басшылық тартатын қолдау бола ма?

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

– Бұл мәселені мен Ғылыми кеңесте көтергенмін. Жаңа айтып өткенімдей, болашақта университеттегі педагогикалық мамандықтар азаяды. Сондықтан барлық факультетке тапсырма берілді. Әсіресе филология факультеті үшін бұл ауыруау болмақ. Қазіргі заманға қажетті көптеген мамандықтар бар. Тек қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі деген мамандарды ғана даярлап шығаратын заман келмесе кетті. Қазір мұғалімдерге үйрететін әдіскер, сарапшы-ғалым, филолог-психолог, филолог-аудармашы, филолог-зерттеуші, корректор, филолог-сценарист секілді қажетті мамандарды даярлауға бет бұруымыз қажет. Екіншіден, қазақ тілі мен әдебиетімен шектелмей, оны түркологияға ұштастырып, түркі тілдері мамандарын беруіміз қажет. Бүгінде дүниежүзінің Татарстан, Түркия, Башқұртстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан сияқты елдеріндегі көптеген зерттеу орталықтарымен байланыс орнатып, ғылыми-зерттеу жобаларын ұсыну қажет. Осылайша сіздер әлемдік деңгейде жұмыс істейтін боласыздар.

Дайындаған –
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ,
Кәмила ДҮЙСЕН



Сәт ТОҚПАҚБАЕВ, генерал-полковник:

Мен үшін білімнің бастауы ҚазҰУ болды

Генерал-полковник, еліміз тәуелсіздік алған жылдары ҚР ҰҚК төрағасы, ҚР Президенті Күзет қызметінің бастығы, Республикалық гвардияның қолбасшысы, қорғаныс министрі қызметтерін атқарған білікті маман Сәт Бесімбайұлы Тоқпақбаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі. Білім ордасының заң факультетін 1963 жылы заңгер мамандығы бойынша үздік тамамдаған.

Студентпіз, тұрмыс ауыр кез. Әкешем қарт кісілер. Никольск базарының қасында жатақханада тұрамыз. Аздап болса да, тиын-тебен табу үшін жатақханада қазандыққа от жағушы болдым. Таңертең сағат 7-лерде босаймын да, «күйе-күйе түрімді қыздар көріп қоймасын» деп жүгіріп жатақханаға келіп, тез-тез жуынып-шайынуға тырысатынмын. Алматы базаларында жүк түсіруші болған кездер де бастан өтті.

Сәт аға студенттік шағын еске алып.

Оның «барлаушы болсам» деген арманы студент кезде де есте естен шыққан жоқ. Осы бір асыл арманына жету үшін қажет болады деп, өз бетінше ағылшын тілін үйрене бастады.

– Үшінші курста оқып жүргенде ПМ, МҚК (КГБ), прокуратурадан арнайы өкілдер келіп, «сабақты жақсы оқысандар, бізге жұмысқа келесіңдер» деп үгіттей бастады. Біз өзара оларды «покупательдер» дейтінбіз. Маған «комсомол ұйымында, қоғамдық жұмыстарда белсенді болсаң МҚК-ға аламыз, сонда барсаң ғана барлаушы боласың» деді. Мен өзімді барынша жақсы қырымнан көрсетуге тырыстым. Университетті бітіретін жылы Алматы қаласындағы Совет ауданының прокуратура-сына үш ай практикадан өтуге жіберді. Әр студентті әр тергеушіге бөліп берді. Мен де аға тергеушіге көмекші болдым. Он шақты күн істеген соң, мені ауданның прокуроры Өтеген Сейітов өзіне шақырып, сөйлесті. Маған бекітілген тергеуші мақтаса керек, прокурор бар жағдайымды сұрап білді. «Сен сабақтан бос кездерінде бізге келіп жұмыс істе, кадр тапшы болып жатыр. Еңбегіңе қарай жалақы беремін. Сосын

университетті бітіргенде сынақ мерзімін өтпейсің. Басшылармен өзін келісесің», – деді. Менің жұмысқа тұрғанымды естіп қуанған әкем «балам прокурор болды» деп, бір тоқтысын сойып, ауыл-аймақ, көрші-қолаңға ас берді, – дейді ол.

Біршама уақыт қана жұмыс істесе де, бұл жер оның қалыптасуына, ысылуына, тәжірибе жинақтауына үлкен көмегін тигізді. Тергеуші ретінде елден сұрау алып, оны жазуды үйренудің өзі үлкен мектеп. Бәрі орыс тілінде жазылады. Жазғандары сотта қаралып, сол арқылы адамның тағдыры шешіледі. Қаржы жа-

ғынан да кәдімгідей қолдау болды.

– Практикадан өткенде прокурор Өтеген Сейітов маған жақсы бағыт берді. Қазіргі студент жастарға айтарым, мамандығына байланысты практикадан қашпау керек. Сабақ пен практиканы ұштастырып, үстаздардан көбірек үйреніп қалуға тырысу керек.

Жас кезімізде біз де шетелге барсақ деп талпындық. Қызмет бабымен көбіне сырт мемлекеттерде жүрдім. Бір кездері университетпен байланыс үзіліп қалды. Дегенмен өзін білім алған альма-матердің жетістіктеріне үнемі тілектес болып отырамын. ҚазҰУ-дың беделі қашанда жоғары болды. Қазір де мәртебесі биік. Осындай оқу орнында білім алғанымды мақтан тұтамын. Университетті үздік тамамдадым. Өйткені өзім таңдаған жолда қызмет ету үшін сабағым өте жақсы болуға тиіс еді. Қазіргі жастардың әрқайсысының өз мақсаты бар. Мақсаттары орындалуы үшін ең алдымен дұрыс білім алу керек. Қазір бәрін білім шешеді. Үлкен қызметтерді атқарып, елге қызмет ету үшін күні-түні оқыдық, іздендік. Сол талпынысымыз зая кеткен жоқ. Айналайын жастар, бәрі өз қолдарыңда. Тәртіп дұрыс болып, оқуды жақсы оқындар. Елді көгеретін, мемлекетті дамытатын – білімді жастар. Білімі жоғары жан кез келген адаммен жоғары деңгейде әңгіме жүргізе алады. Тіл білу керек. Жас уақытта өздерінді биік белестерді бағындыруға бағыттауға дайындандар. Мен үшін білімнің бастауы ҚазҰУ болды, – дейді Сәт аға.

Гүлнар
ЖУМАБАЙҚЫЗЫ

Шот-Аман Уәлихановтың туғанына – 90 жыл



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев «Сәулетші жолы – ұлт құндылығы» тақырыбындағы конференцияға арнайы қатысты. Тағылымы мол танымдық іс-шара көрнекті сәулетші, ҚР Елтаңбасының және Тәуелсіздік монументінің авторы Шот-Аман Уәлихановтың 90 жылдығына арналды.

Қоғам қайраткері Шот-Аман Ыдырысулының өмірі мен шығармашылығынан сыр шертер конференцияға шақырылған құрметті қонақтардың қатарында Қазақстанның халық ақыны Олжас Сүлейменов, ҚР тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіров, Еуразия мәдениет қорының президенті Ерулан Қанапиянов, филология ғылымының докторы Шәкір Ыбыраев, сондай-ақ мемлекет қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері болды.

Конференция барысында «Фибратты ғұмыр» сериясымен басылып шыққан Шот-Аман Уәлихановтың шығармашылығына арналған жеті томдық кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Жинақты шығаруға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мұрындық болды.

Өз кезегінде ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйледі. Өз сөзінде білім ордасының басшысы Шот-Аман Ыдырысулы саналы ғұмырын сәулет өнеріне, ұлттық дүниетанымға негізделген көркем өнер тудыруға арнаған тұлға екенін атап өтті. «Шот-Аман Уәлиханов шығыс елдері және Халықаралық сәулет академиясының академигі ретінде артында өшпес із, өлмес мұра қалдырды. Қайраткерлік қолтаңбасын Қазақстанның қай қаласына барсаңыз да, басты ғимараттардан, орталық алаңдардан кездестіруге болады. Замандасы, әріптесі Жаңдарбек Мәлібековпен бірге мемлекетіміздің басты рәмізі – Елтаңбаны дүниеге әкелді. Астана төріндегі – Кенесары Қасымұлы, Қостанай қаласындағы – Ахмет Байтұрсынұлы, Семей жеріндегі – Абай мен Шәкәрім, Алматыдағы – Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Дина Нұрпейісова, Дінмұхамед Қонаев және тағы басқа тарихи тұлғаларға арнаған ескерткіштері қайталанбас туындылар. Шот-Аман Уәлиханов ұзақ жылдар шәкірт тәрбиелеп, ұлттық бояуы қанық сәулетшілердің қалыптасуына тер төкті», – деді университет ректоры.

Сөз соңында Жансейіт Түймебаев қоғам қайраткерінің жары Зинаида Кәрімқызына ҚазҰУ-дың дамуына қосқан үлесі үшін «Әл-Фараби» алтын медалін табыс етті.

Сондай-ақ конференцияға арнайы келген Қазақстанның халық ақыны және Еңбек Ері Олжас Сүлейменов сөз сөйлеп, Шот-Аман Уәлиханов туралы өз ойын ортаға салды. «Шот-Аман Ыдырысулы Қазақстандағы сәулет өнерін биікке көтерді. Сәулетшінің қолынан шыққан туындылар бүгінде қаланың көркін келтіріп, сән беріп тұр. Мәселен, Шот-Аман Уәлиханов Тәуелсіздік монументі, «Динамо» стадионы, Алматы қаласының әкімдігі сияқты бірқатар нысандардың құрылыс жобалау авторы. Осындай қайталанбас тұлғамен мақтануымыз қажет. Жастарға насихаттап, ұлықтау – біздің міндет. Осы орайда, бүгінгі конференцияның маңызы зор деп білемін», – деді Олжас Сүлейменов.

Шара барысында ҚР тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ұлы сәулетші туралы естелігімен бөлісті. «Ғарышқа ұшпастан бұрын, Шот-Аман Ыдырысулы маған ортасында шаңырақ, екі жағында екі қанат бейнеленген бір сурет берді. Оң жақ қанатында «Тоқтар», ал сол жақ қанатында «Талғат» деп жазылып тұрды. Осылайша мен Шот-Аман Уәлиханов берген суретті ғарышқа алып кеттім. Нәтижесінде комиссия шешімімен сурет Қазақстанның ғарыш эмблемасының белгісіне айналды. Бұны болашақ ҚР Елтаңбасының алғашқы нұсқасы деп санауға болады», – деді Тоқтар Әубәкіров.

Сонымен қатар конференцияға қатысқан зиялы қауым өкілдері мен мемлекет қайраткерлері сөз сөйлеп, Шот-Аман Ыдырысулының еңбектері туралы кеңінен айтып берді.

Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась лидерская лекция государственного деятеля Республики Казахстан, кандидата политических наук, дипломата, генерал-лейтенанта Нурлана Байұзаковича Ермакбаева по теме «Политика Казахстана в области обеспечения военной безопасности».



Почетного гостя представил аудитории ректор КазНУ Жансеит Түймебаев, отметив важность пропаганды патриотизма, политики Казахстана и его безопасности среди студенческой молодежи. Трудовую деятельность Нурлан Ермакбаев начал в 1984 году в служебной командировке в Анголе. С отличием окончил Военный Краснозна-

бывать, что получаете академическое образование, и это, конечно, подразумевает навыки научной работы. А наука, как вы знаете имеет свою методологию и отличительные особенности. Я бы хотел выделить такие ее критерии, как: неполитизированность, достоверные сведения, доказательность, аргументированность, обеспечивающие

Нурлан ЕРМЕКБАЕВ, государственный деятель:

Характер военной опасности стал гибридным

менный институт Министерства Обороны СССР офицером, владеющий в совершенстве китайским и английским языками. Затем окончил Казахскую государственную архитектурно-строительную академию по специальности «инженер-экономист». В разные годы был на ответственных государственных должностях. Имеет дипломатический ранг чрезвычайного и полномочного посла. С 2018 по 2021 годы занимал пост министра обороны РК. Спикер также является кандидатом политических наук, автором нескольких десятков статей, соавтором книги «Казахстан и страны мира», автором идеи к фильму «Время патриотов».

На встрече с обучающейся молодежью и профессорско-преподавательским составом, лектор рассказал о военной безопасности государства, принципах политики в сфере военной безопасности, политической обстановке в мире на сегодняшний день.

«Здесь собрались представители нескольких факультетов. Встреча с вами мне доставляет радость. Большая честь выступать перед вами в старейшем, крупнейшем университете Казахстана, который занимает первые строчки в рейтингах, имеет богатые традиции, а с 1934 года в нем действует военная кафедра. Она готовила офицеров и военнослужащих для фронтов Великой Отечественной войны. Я рад, что здесь сильная военная кафедра. Вы специалисты в областях юриспруденции, международных отношений, востоковедения, политологии. С таким преподавательским составом вы имеете большие возможности получать теоретические знания слушать содержательные лекции, поэтому я для вас полезен больше как человек с практическим опытом, который проработал в определенное время и в безопасности, вооруженных силах, участвовал в подготовке стратегических документов. Поэтому я буду говорить на практическом понятном языке, но при этом мы не должны

объективность науки. К примеру, если мы говорим о вооруженном конфликте, то как ученые мы не должны говорить, кто прав или не прав. Мы должны оценивать эффективность той или иной стороны, оценивать объективные причины и последствия, то есть давать беспристрастный и объективный анализ. Мы не можем игнорировать теорию, поэтому в ходе нашей беседы я постараюсь найти баланс между научным подходом и практикой. Итак, сегодняшняя тема «Политика Казахстана в области обеспечения военной безопасности», – сказал спикер в начале лекции.

Почему именно сегодня важна тема военной безопасности (ВБ)? Во-первых, если возникнет военная опасность, она затронет каждого из нас. Не зря само понятие «оборона» в Законе об обороне и Вооруженных Силах РК сформулировано следующим образом: «Оборона – система государственных мер политического, военного, экономического, информационного, экологического, социально-правового и иного характера по обеспечению военной безопасности, вооруженной защиты суверенитета, территориальной целостности и неприкосновенности Государственной границы РК». Во-вторых, сегодня ВБ охватывает практически все сферы. Появилось такое явление как гибридные войны. Поэтому где бы вы не работали, ваша организация будет участвовать в обеспечении ВБ.

Цель деятельности в области обеспечения военной безопасности – повышение военного потенциала государства для сдерживания военных угроз Республике Казахстан. При поддержке руководства страны осуществляется комплекс мер по всем направлениям развития Вооруженных сил, повышению статуса и престижа воинской службы в обществе. Это позволило значительно улучшить качество боевой подготовки и технической оснащенности войск, гарантировать военнослужащим социальную поддержку, систем-

ХАРАКТЕРНЫМИ ЧЕРТАМИ СОВРЕМЕННОЙ ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ОБСТАНОВКИ В МИРЕ ЯВЛЯЮТСЯ ВЫСОКИЙ ДИНАМИЗМ, НЕПРЕДСКАЗУЕМОСТЬ РАЗВИТИЯ СОБЫТИЙ, УСИЛЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО И РЕЛИГИОЗНОГО ЭКСТРЕМИЗМА. ИНОГДА ИСТИННЫЕ ИНТЕРЕСЫ И ЦЕЛИ МАСКИРУЮТСЯ ПОД БЛАГОВИДНЫЕ ПРЕДЛОГИ.

но решать жилищные вопросы, значительно повысить престиж армии в рамках международного и военного сотрудничества, отметил лектор.

Само понятие «военная безопасность» как явление возникло с появлением государства и армии. Считается, что этот термин, как и «национальная безопасность» (НБ) ввел Теадор Рузвельт в 1904 году. В разных государствах определяются различные виды и направления обеспечения НБ. В соответствии с законом «О национальной безопасности РК» ст. 4 мы в Казахстане определяем 6 видов НБ – общественная, военная, политическая, экономическая, информационная, экологическая. То есть НБ – явление многокомпетентное, многоуровневое и включает в себе ВБ.

Первая задача военной безопасности страны заключается в создании условий, исключающих опасность военного нападения, поэтому ее обеспечение является важнейшим направлением деятельности государства и особенно внешней политики. При этом целью деятельности в сфере обеспечения военной безопасности является повышение военного потенциала государства для адекватного реагирования на военные угрозы РК. Документы

всех уровней (стратегического, оперативного, тактического) разрабатываются на основе оценки обстановки и вероятного противника, принимается решение – что следует делать, а на основе оценки вероятного противника и характера возможной войны – как действовать, какими силами и средствами. То есть все строительство ВС любого государства исходит из оценки вероятного противника, из того – какая может быть военная опасность, какой возможен военный конфликт, какие для этого необходимы силы и средства. На основе таких оценок разрабатывается документы военного планирования.

В рамках лидерской лекции были обсуждены основные факторы, влияющие на военную безопасность и угрозы, а также приоритетные задачи, стоящие перед Вооруженными Силами Республики Казахстан сегодня. Какова же оценка обстановки на сегодняшний день? Если одним словом выразится, то военно-политическая обстановка во всем мире усложняется. Сначала XXI века широко применяется военно-силовой подход к решению наиболее острых проблем мировой политики, в том числе в обход Совета безопасности ООН и общепризнанных норм международного права.

Конкретные военные конфликты, споры, угрозы безопасности – это следствие более глубоких процессов. В основе всегда столкновение практических интересов на фоне таких факторов как сужение жизненного пространства, обострение конкуренции, борьба за выживание и ресурсы, за рынки сбыта продукции, за контроль над маршрутами транспортировки. Разгоранию конфликтов способствует доступ практически любой информации и огромная скорость ее распространения. Сегодня у людей есть возможность сравнивать, быстро получать информацию, организовываться, а открытость границы облегчила деятельность спецслужб. Для выдавливания стран-

конкурентов или их значительного ослабления осуществляется прямое вмешательство во внутриаполитические процессы этих государств. Факторов, провоцирующих различного уровня конфликты, включая межгосударственные, стало больше. Даже экологические проблемы, борьба за водные ресурсы могут стать причиной серьезных международных конфликтов. Вполне возможно, что в будущем, не смотря на развитие технологий, именно доступ к пресной воде может лежать в основе ряда военных конфликтов.

Характерными чертами современной военно-политической обстановки в мире являются высокий динамизм, непредсказуемость развития событий, усиление национального и религиозного экстремизма. Иногда истинные интересы и цели маскируются под благовидные предлоги. Военные действия или операции начинаются под прикрытием гуманитарных идей «ликвидации тирании», «развития демократии», «продвижения универсальных ценностей» и т.д. Появились принципиально новые концепции ведения военных действий (сетевые, кибероперации и тп); разработки и принятие на вооружение новейших образцов вооружения, военной техники, включая новые боевые космические системы, многоуровневое использование систем высокоточного оружия, лазерные ударные комплексы, роботизированные и беспилотные аппараты, самолеты 5-го поколения, стационарные и мобильные средства противоракетной обороны и т.д.

Причем сам характер военной опасности стал комплексным, гибридным, то есть он включает уже и совсем не военные сферы. Например, ведется информационная война, широко используются экономические санкции для разрушения экономики и финансовых систем конкурентов. Деструктивные силы применяют асимметричные действия с использованием средств глобальной коммуникации, информационно-сетевых технологий для решения военно-политических задач. Таким образом, краткая оценка военно-политической обстановки и военной безопасности говорит о том, что несмотря на отсутствие прямых угроз, существуют риски военной безопасности. Следует различать риски, угрозы, опасности. Можно давать различные определения этих понятий, но в Законе об обороне даются такие определения.

Далее Нурлан Ермакбаев рассказал аудитории о принципах политики в сфере ВБ, о военных и невоенных средствах, об отличии военной доктрины от концепции. «Военный потенциал складывается не только из вооружения и военной техники, но и из человеческого капитала, уровня экономического и научно-технического развития. Поэтому всегда надо учиться и продвигаться вперед к вершинам науки», – подытожил свою лекцию спикер. В конце лидерской лекции студенты получили ответы на интересующие их вопросы. В завершение встречи ректор университета Жансеит Түймебаев поблагодарил генерала Нурлана Ермакбаева за содержательную лекцию.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Бірліктің ұйытқысы болған білім ордасы

1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Елімізде сан түрлі ұлттар мен ұлыстар мекен ететіні іспетті қара шаңырақ – ҚазҰУ-да да әлемнің түкпір-түкпірінен студенттер келіп, білім алып жатыр. Осы орайда, ұлтаралық достық пен бірліктің нышаны мен ұйытқысы болған оқу ордасындағы түрлі ұлт өкілдерін құрайтын студенттерді әңгімеге тарттық. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан жетекші университет студенттері аталмыш мерекеге өздерінің ой-пікірлерін білдірді.

КӨКТЕМ «ҚҰДАЙЫ» МАЙЯ

Шетелдік көзқараспен қарағанда біз үшін 1 Мамыр мерекесі қарапайым аптаның бір күні. Ал Қазақстандағы халықтар үшін – достық, бірлік күні деп атап өтіледі екен. Әсілі, бұл мезгілде көп халық жұмыс күні және демалыс күндерімен шектеліп жатады. Білуімше, 1 Мамырды ертеректе көптеген халықтар атап өткен. Аз-кем мифологияға көз жүгіртсек, 3000 жыл бұрын Ежелгі Италия халқы көктем «құдайы» – Майяға табынған. Майя, яғни мамыр – «ана» сөзінің мағынасын береді екен. Анадай болған табиғат адамзатты аяласын деген мағынамен үйлессе керек, яғни көктемнің мамыр айының алғашқы күнінде мерекелік шаралар ұйымдастырылған (ән айту, би билеу, түрлі ойындар т.б.). Демек, осы бір мезгіл мен осы күннің ар жағында үлкен тарих жатқаны анық. Осылайша мамыр айын ескі жұрттар қарсы алған. Бүгінде ол өңірлерде амфитеатрлар мен көне қамалдардың қирандылары қалған. Тұнып тұрған тарих. Демек, бүгінгі біз атап өтіп жатқан мейрам да ертеңгі үлкен тарихтың бастауы болмақ. Бірлік күні



басқаларды түсінуге және біртұтастыққа шақырады. ҚазҰУ-да сан түрлі, әр ұлтты, әр жастағы студенттер оқып, білім алып жатыр. Бұл да бір ҚазҰУ жастарының бірлігі жарасқанын білдірсе керек.

Дилара ЯВУЗ,
Түркия азаматшасы,
медицина және денсаулық сақтау факультетінің
1-курс студенті

БҰЛ МЕРЕКЕ БІРТҰТАСТЫҚҚА ШАҚЫРАДЫ

Баршамызға белгілі болғандай, 1 Мамыр – Бірлік күні 1996 жылдан бастап атап өтіле бастады. 1995 жылдың 18 қазанында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жарлығымен 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні деп жарияланды. Халықтар бірлігі күні – есте қаларлық жарқын мерекелердің бірі. Бұл 130-дан астам ұлт өкілдері тұратын республиканың бейбіт өмір сүруіне өте қажетті достық, түсіністік пен келісім мерекесі. Қазақстанда қазақтармен қатар, орыстар, тәжіктер, украиндар, немістер, корейлер, ұйғырлар, армяндар және т.б. көптеген ұлт өкілдері өзара келісім мен жарасымда өмір сүріп жатыр.

Жыл сайын мерекеге әртүрлі мәдени орталықтар атсалысып, әртүрлі халықтар өздеріне тән салт-дәстүрлерін көрсетіп, мейрамның маңыздылығын арттыра түседі. ҚазҰУ студенттері де шет қалмай, өз ұлтының мәдениетіндегі ерекшелік пен сұлулықтарын көрсетуге тырысады. Аталмыш мереке Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлері мен мәдениетін таныстырып қана қоймай, ол



ұлттарды біртұтастыққа, бірлікке шақырады. Қазақ халқын үлкен бір отбасы десек, біз сол отбасының мүшелеріміз. Әрқашан бірлігіміз арта берсін!

Исмонзода САЙДЖАФАР,
Тәжікстан азаматы,
халықаралық қатынастар факультетінің
3-курс студенті

МЕНИҢ УНИВЕРСИТЕТИМ – АРМАНЫМА АПАРАТЫН БАСПАЛДАҚ

Қандай ел, нендей халық болсын барлығы үшін бірлік – маңызды аспект. Қоғамның бірлігі жарасқанда ғана өзгеге пайдалы, жоғары нәтижеге ие болады. Егер әр адам өз елінде де, шетелде де көпшілікпен достасып, кез келген істе үйлесімділік тауып жатса, онда сол елдің бірлігі берік болатыны анық. Достық әр адамның өмірінде өте маңызды рөл атқарады. Ұлтына, менталитетіне қарамастан, өзгемен дос бола білу – өзінді бақытты етуге тағы бір тірек, екінші отбасы, қамқоршы таптың деген сөз. Туыстық қарым-қатынас елдің өсіп-өркендеуіне, мықты мемлекет құруына ықпал етеді. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан елді ешбір жау ала алмасы кәміл.

Алматы қаласының көз тоймас әсемдігі, жанға жайлы ауа райы, жасыл желегі, таушыңы мені таңғалдырып келеді. Сонымен қатар қала тұрғындары шынында да мейірімді. Бір-біріміздің тілімізді түсінсе алмасақ та, олар бізге көмектесуге әзір тұрады. Алғаш шетелден келгенде қазақ халқы бізді жылы қарсы алып, жақсы қарым-қатынас жасады.

Мен 2019 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түстім. Міне, содан бері өзімді үлкен бір отбасындай болған оқу



ордасының бір мүшесі ретінде сезініп келемін. Ең бастысы, менің университетім – бұл менің армандарыма апаратын баспалдақ. Мұндағы оқытушы-профессорлар құрамы бізге білікті дәрігер болу үшін ең жоғары деңгейде білім беріп жатыр. Олар менің өзіме деген сенімділігімді оятып, барынша қолдау көрсетуде. Осының барлығы, айналып келгенде, ҚазҰУ-дың бірлігі жарасқан оқу ордасы екенінің айғағы. Қазақстандағы ең жақсы университеттің студенті болғанымды мақтан тұтамын.

Вандита ВАШИСТХА,
Үндістан азаматшасы,
медицина және денсаулық сақтау факультетінің
3-курс студенті

БІРЛІКТІҢ КІЛТІ – СӘЛЕМДЕСУДЕ

«Біз біріксек қана – мықтымыз,
Ал бөлінсек – әлсізбіз».
Джоан Роулинг

Менің Қазақстанға келіп, Қазақ ұлттық университетінде білім алып жатқаным екі айға жуық уақыт болды. Осы уақыт аралығында университет ұжымының достығына, қазақ халқының қонақжайлылығы мен бауырмалдылығына тәнті болдым. Тіпті танысын-танымасын өзара қол беріп немесе құшақ кере амандасуы мені таңғалдырды. Мұндай әрекеттер алғашында маған таңсық көрінді. Уақыт өте келе шын мәнінде мұның астарында достық пен ізгі ілтипаттың жатқанына куә болдым. Амандасу арқылы адамның өкпе-реніші сөйліп, достық ықыласы арта түседі екен. Демек, бірліктің түп төркіні осы бір амандасуда жатса керек. Қазақ халқы бөліп-жармай, ақ демей, қара демей, әрбір ұлт пен ұлысқа бауырмалдықпен



қарайды екен. Мен мұны өзге адамдарға бере алатын таза сүйіспеншіліктің жоғарғы формасы деп есептеймін. Әрбір тұлға қоғамда, отба-

Цендрагчаа МЯНГАНБАЯР,
Моңғолия азаматы,
химия және химиялық технология факультетінің
2-курс студенті



ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ БЕРІК БОЛҒАЙ!

Сіздерді 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бірлік мерекесі қарсаңында мемлекетіміз молшылыққа, әрбір шаңырақ шаттық пен қуанышқа кенелуін тілеймін! Бірлігі мен ынтымағы жарасқан ҚазҰУ-дың үздік оқытушылары тәрбиелей отырып, білім беріп, көптеген шетелдік студенттер мен магистранттарды тәулетті. Өмірлік жолын салып қана қоймай, қоғамға адал қызмет ететін білімді де білікті тұлға болуына ықпалын тигізді.

Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы мен филология факультетінің оқытушылары мен магистранттарының арасындағы біліктілік пен білімділіктің, достық пен бауырмалдылықтың нәтижесінде көптеген жетістіктерге жеттік.

Бір тудың астында халқымыздың достығы мен өзара бауырмалдылығы одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болғай!

Ақжарқын КҮНТУҒАН,
Моңғолия азаматшасы,
филология факультетінің
1-курс магистранты

ҚазҰУ-да химия ғылымының докторы, профессор Мұхамбетқали Бүркітбаевтың жетекшілігімен құрамында күкірт бар препараттарды алу технологиясы әзірленді. Жоба «Құрамында күкірт бар жаңа нанокөмір мен препараттар алу технологиясын әзірлеу және апробациялау» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылды.

Шетелдік тыңайтқышқа балама өнім

Мұхамбетқали Мырзабайұлынан бөлек, технолог Н.В.Бачилова, Ресей ғылым академиясының Сібір бөліміне қарасты В.С.Соболева атындағы Геология және минералогия институтынан Ф.Х.Уракаев және Башқұрт мемлекеттік университетінен И.А.Мас-салимов секілді ғалымдар жобаға атсалысты. Зерттеуді жүзеге асыру барысында күкірт негізіндегі әмбебап экологиялық таза препараттар алынды. Олар өсімдіктердің өсуін реттейтін қасиеті бар, микробқа қарсы және антифунгицидтік агенттер. Сондай-ақ құрылыс материалдарына арналған гидрофобизатор ретінде де қолдануға болады. Зерттеу ауқымды түрде жүргізілді. Себебі жұмысқа Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми зертханалары ғана емес, сондай-ақ «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ, «ЦелСИМ» ЖШС, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ, «Амиран» Қазақ тағамтану академиясының зауыты ЖШС және «Бахус Глобал» ЖШС сияқты коммерциялық кәсіпорындар, ғылыми институттар және республикалық маңызы бар ғылыми орталықтар тартылған болатын.



«Амиран» Қазақ тағамтану академиясының зауыты ЖШС алқаптарында кіші ғылыми қызметкер Е.Керімқұлов құрамында күкірт бар препаратты дайындауда



«Амиран» Қазақ тағамтану академиясының зауыты ЖШС соя алқаптары

діктерде зиянды микроорганизмдердің көбеюі бәсеңдейді.

Сондай-ақ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жас ғалымдары «Қазақстан, Сырдария өзені бассейніндегі ескірген және заманауи пестицидтер: бағалау, транспорт және өзенге құйылатын сулар» ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асырды. Олардың қатарында PhD докторы Бағдат Сатыбалдиев пен Қайрат Кеңес және химия ғылымының кандидаты

Б.Оралбеков Сырдария бассейні суларын зерттеумен және мониторингпен айналысты. Ғалымдар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында сынама аларды іріктеу үшін инновациялық қондырғы әзірлейді. Осылайша оны Өзбекстан Республикасының шекарасынан Арал теңізіне дейін Сырдария өзені алқабына дала экспедициялары кезінде сәтті сынақтан өткізуге мүмкіндік алды. Ғылыми зерттеулер зертханада Небраска университетінің жетекші ғалымдарымен, оның ішінде профессор Даниел Сноумен ынтымақтастықта жүргізілді.

Жоба аясында жергілікті мектептердің мұғалімдерін судың физикалық-химиялық параметрлерін анықтауға және қоршаған ортаның сынамаларын алуға, сондай-ақ аймақтың экологиялық мәселелерін талқылауға тарту бойынша әлеуметтік жобалар жүргізілуде.



Кафедра магистранты «Бахус Глобал» ЖШС жазымдыларында құрамында күкірт бар препаратпен өңдегеннен кейін зиянды организмдердің өсуін бақылауда



«Бахус Глобал» ЖШС бақтарының аумағында құрамында күкірт бар препаратпен алма ағаштарын өңдеу барысы

Жүрек-қан тамырлары ауруларына арналған имплантация

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ медицина және денсаулық сақтау факультеті Медицина жоғары мектебінің Клиникалық пәндер кафедрасының профессоры Қуат Абзалиевтің жетекшілігімен жоғары көтерілетін аортаның аневризмасы кезінде қақпақшасы бар кондуитті имплантациялаудың жаңа отандық тәсілі әзірленді. Қуат Абзалиев – Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ консультациялық-диагностикалық орталығының меңгерушісі, жоғары санатты кардиохирург.

Адам ағзасындағы ең үлкен артерия «орта» деп аталады. Ол үлкен қысым арқылы жүректен қан алады және оны бүкіл денеге тамырлар арқылы таратады. Әдетте, ересек әйелдер мен ерлерде аортаның жоғары көтерілетін бөлігінің диаметрі шамамен – 3 см, төмен түсетін бөлігі – 2,5 см. Аортаның құрсақ сегментінің мөлшері одан да аз – 2 см. Бұл өте күшті және мықты қан тамыр. Алайда, мамандардың айтуынша, белгілі бір жағдайларда тамыр қабырғасы өте үлкен жүктемеге төтеп бере алмай, кеңейе бастайды. Бұл аорталық аневризманың дамуына әкеледі. Аорталық аневризма – артерия қабырғаларында қалыптан тыс дөңес, яғни дорба секілді кеңейтілген аймақтың пайда болуы. Мұндай жағдайға аорта қабырғасының беріктігі мен икемділігін төмендететін әртүрлі аурулар немесе жағдайлар себеп болуы мүмкін. Көбінесе бұл аорта қабырғасының атеросклерозы, кейде қабыну (аортит) және аутоиммундық аурулар, жарақат немесе дәнекер тінінің туа біткен жүйелік аурулары (мысалы, Марфан немесе Элерс-Данлос синдромы). Аорта аневризмасы асқынған жағдайда адам өміріне тікелей қауіп тудыруы мүмкін. Сондықтан жиі хирургиялық жолмен емдеуге тура келеді. Әлемдегі кардиохирургтер аорталық кондуитті аортаның тамырына бекітудің көптеген жолдарын ұсынады. Бірақ жүрек қызметі қалпына келтірілгеннен кейін қан кетуі жиі шығырады. Өйткені көбінесе жоғары қысым кезінде қолданылған тігістер арасында қан ағып, әртүрлі асқынуларға әкеледі.

Клиникалық пәндер кафедрасының профессоры Қуат Абзалиев жүрек-қан тамырлары ауруларына арналған имплантацияның жаңа әдістері жобасын Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ кардиохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Рүстем Төлеутәевпен бірге жүзеге асырған. Ғалымдар қазіргі таңда қолданыстағы имплантация әдістері өз тиімділігін көрсетіп




1-сурет. Төсемдердегі «П-тәрізді» тігістер аорта қақпақшасының фиброзды сақинасының астына салынған және көтерілетін аортаның сыртқы қабырғасына шығарылған



2-сурет. Қызыл алынғандағы кескіні. «Сэндвич» түріндегі протездің манжеті төменнен фиброзды сақинамен және аорталық клапанның қақпақтарының жұқа жолағымен, ал жоғарғы жағында көтерілген аортаның қалдықтарымен жабылған



3-сурет. Түйіндерді байлау кезеңі аяқталғаннан кейінгі көрініс. Бұл техника тігіс арасындағы қан кетуден сақтайды. Қан жоғалту күрт төмендейді, фистулалар мен тромбтар (протез панусы) пайда болмайды



отырғанын айтуда. Бірақ қосымша манипуляцияларды, яғни қосымша тігіс, синтетикалық материалдарды қолдануды талап етеді. Бұл операция уақытын ұзартады. Нәтижесінде миокард ишемиясының көбеюі жүрек жеткіліксіздігінің даму қаупін арттырады және сонымен бірге тігіс бойымен қан кетудің алдын алады.

Жоба авторлары ұсынған «П-тәрізді» тігістерді қолдану қан кетудің, тромбоздың және фистулалардың (денедегі патологиялық немесе жасанды түрде жасалған канал – авт.) пайда болуының алдын алу үшін қажет. Тромбоз кондуитті манжеттің толық оқшаулануына байланысты пайда болмайды. Өйткені протездің манжеті талшықты сақинамен аорта қабырғасының қалдығы арасындағы қатпарға түседі. Қолқа саңылауында бекіту тігістерінің болмауы фистулалардың пайда болуына мүмкіндік бермейді.

Төсемдердегі «П-тәрізді» тігістер аорта қақпақшасының талшықты сақинасының астына салынып, төсемдерде көтерілетін аортаның сыртқы қабырғасына шығарылады.

Аорта аневризмасы кезінде аорта кондуитін имплантациялаудың ұсынылған әдісі Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-да 22 пациентке сыналды. Бұл ретте қан жоғалту көлемін 1340+555 мл бақылау тобымен салыстырғанда 150 мл+54 мл-ге дейін азайтып, абсолюттік тиімділікті көрсетті.

Бұл әдіс аорта тамырынан қан кетудің алдын алу үшін өте тиімді. Сондай-ақ протезді бекіту, тромбоз, манжетте панус қалыптастыру және парантездік фистулалар кезінде тығыздығы жоғары болады. Сонымен қатар аорталық клапан мен көтерілетін бөлімді ауыстыру кезінде аортаның ауыр зақымдануын емдеуде кардиохирургияда қолдануға болады. Осылайша ғалымдар ұсынған әдіс дәстүрлі әдістермен салыстырғанда айтарлықтай тиімді екенін дәлелдеп отыр.

